

**"Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі № 273
бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі N 458 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 11 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6541 болып енгізілді

«Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі № 273 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4354 болып тіркелген, 2006 жылғы 15 қыркүйектегі № 166 (1146) «Заң газеті» газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан
өткізу ережесі:

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Комиссия берген «аудитор» біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігінің болуы бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым беретін кәсіби бухгалтер сертификатын алуға негіз болып табылады.»;

19-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Комиссия мүшелерінің қатысуымен Комиссия хатшысы кодтағаннан кейін аудиторлыққа кандидаттардың емтихандық жұмыстары бар жұмыс дәптерлерінің көшірмелері жасалады немесе сканерден өткізіледі. Көшірмелері түпнұсқалармен салыстырылады, жеке конвертке (немесе конверттерге) салынады, олар желімделеді, мөрмен бекітіледі және комиссия мүшелерінің, сондай-ақ уәкілетті орган өкілінің қолдарымен расталады. Осыдан кейін Комиссия төрағасы беру актісі бойынша конвертті уәкілетті органның өкіліне береді.»;

20-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Емтиханның нәтижелерін шығарғаннан кейін уәкілетті органның өкілі көшірмелерді түпнұсқалармен салыстыру үшін Комиссия мүшелерінің қатысуымен аудиторлыққа кандидаттардың емтихандық жұмыстары бар жұмыс дәптерлерінің көшірмелері бар конверттерді ашады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудиторлық қызмет әдіснамасы департаменті (А.О. Төлеуов) осы бұйрықтың Қазақстан

Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және кейіннен оның заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ол алғаш ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жемішев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК